

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ КАФЕДРАСЫ ТАРИХЫ ЖӘНЕ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Қыстаубаева Қ.Т.

В данной статье рассматривается проблемы кафедры Физического воспитания и пути их решения.

In given article problems of department of Physical training and a way of their decision are considered.

Дене тәрбиесі пәнінің мақсаты білімдер жүйесін меңгерту, дене қабілетін жетілдіру мен денсаулығын нығайта түсуді қамтамасыз ететін практикалық біліктіліктер мен дағдыларды, жоғары кәсіби шығармашылықты белсенділікке дайындау болып табылады. Дене тәрбиесімен айналысу білімдік, тәрбиелік және сауықтыру міндеттерін шешуді қарастырады.

Дене тәрбиесі оқытушысының негізгі міндеттері:

- Салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Дене дамуын жан-жақты ізгілендіру, рухани байлығын, моральдық тазалығын, олимпиадалық білім беру, идеяларын енгізу арқылы, Қазақстан Республикасы азаматтарына, Отанға деген сүйіспеншілігі мен беріктігін қалыптастыра тәрбиелеу;
- Дене қасиеттерін жетілдіру және жоғары спорт нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында біліктілігі мен дағдысын арттыру болып табылады.

Адамның дене тәрбиесі – аса бағалы қазына. Дені сау, жан-жақты шыныққан адам – елдің шын мәніндегі байлығы. Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауына сәйкес білім және денсаулық сақтау мекемелерінің алдында «біздің азаматтардың өмір бойына дені сау болуларына және олардың таза табиғи ортада өмір сүру» мәселесі қойылған. Республикада балалар мен жасөспірімдер арасында ауру деңгейі жоғары, 2 млн. артығы әр түрлі аурулар бойынша диспансер тіркеуінде тұр. Сондықтан да өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын нығайтуда және сақтауда ең басты жауапкершілікті алатын мектеп, ұстаздар және ата-аналар. Осы тұста Маңғыстау облысындағы мектептердегі дене тәрбиесінің қазіргі таңдағы өзекті мәселелерін қозғамасқа болмас.

Өлкемізде жалпы білім беретін 112 мектеп жұмыс істейді. Облыстық білім департаментінің 2003-2004 оқу жылының есебі бойынша мектептерде 240 кәсіби мамандығы бар дене тәрбиесі мұғалімдері жетіспейді. (Білім беру департаментінің 2003-2004 оқу жылы есебінен алынған мәліметтер)

Сонымен қатар 1999 жылы 2 желтоқсанда қабылданған № 490 Қазақстан Республикасы дене тәрбиесі және спорт Заңына сәйкестендіріліп жасалған 2001-2005 жылдар Қазақстан Республикасының дене тәрбиесі мен спортты дамыту бағдарламасына байланысты барлық жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі сабағы аптасына үш рет және 5, 11 сыныптар аралығындағы оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты 2001 жылдан бері екіге бөліп оқытылуда. Бұл жағдайда мамандарға деген сұраныс екі есе артып отыр. Мамандардың жетіспеушілігі салдарынан мектептерде дене тәрбиесінен

басқа пәндер мұғалімдері дәріс беруде. Дене тәрбиесінің алғашқы әліппесін оқытатын, Қазақстан секілді дамушы, жас мемлекет үшін осы саланың қырсырын түсінетін, білімді мұғалімдер сабақ берсе дұрыс болар еді. Мектеп оқушыларының тұлғасының бұзылуы 54,1 пайызды құрайды екен, оларға арнайы дәрігерлік бақылау қажет және емдік сауықтыру сабақтары жүргізілуі тиіс. Өкінішке орай мамандардың аздығынан бұл сабақтар өткізілмейді.

Ел арасындағы таланттарды елеп, екшеп отыратын білімді бапкерлер мен жаттықтырушыларда қажет-ақ. Бүгінгі мамандардың көпшілігінің дене тәрбиесі сабағы болсын немесе оқу жаттығуларын өткізу барысында қажетті медико-биологиялық және психорлогиялық білімдерінің таяздығының несіне жасырайық. Сонымен қатар тәжірибелі бапкерлер мен жаттықтырушылардың көпшілігі зейнеткерлік жаста, ал жас буын бұл салада қызмет ететін мамандардың жалақысының аздығы себептерінен мамандықты қаламай да отыр.

Тағы бір айтарлық жәйт, Маңғыстау облысында туризм саласын дамытуды қолға алып жатыр, егер Кендірлі сияқты демалыс, сауықтыру кешендері болашақта көптеп ашылатын болып жатса, оларға да дене тәрбиесі мамандары қажет етіледігін де ескеруіміз керек. 2006 жылғы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дене шынықтыру мұғалімі, туризмнің спорттық және белсенді түрлерінің менеджер нұсқаушысы, емдік дене шынықтыру және массаж мамандықтарының иесі болуға болады деп көрсетілген.

Қай ел спортының да тас тұғыры – қарапайым дене тәрбиесін халыққа етене етіп дамытуда, бармақ тістемеу үшін кәсіби мамандармен қамтамасыз ету керек деп ойлаймыз. Бүгінде «Дене тәрбиесі» кафедрасының басты мақсаты облысымызға қажетті білікті де білімді мамандарды даярлау болып табылады. «Дене тәрбиесі» кафедрасы 2001 жылы Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің базасында кафедра болып құрылды. Кафедра меңгерушісі қызметіне АқТМУ доценті Нұрсапа Әбдікерімұлы Ахметов тағайындалып, осы бүгінгі күнге дейін басқарып келеді.

Кафедрада 1 педагогика ғылымдарының кандидаты, 7 аға оқытушы, 2 оқытушы жұмыс жасайды. Кафедра ұжымы ғылыми жұмыстар бойынша екі бағытта жұмыс жасауда, олар:

1. оқу- әдістемелік жұмыстары
2. ғылыми- зерттеу жұмыстары.

Жалпы кафедра құрылғалы бері барлығы 32 ғылыми мақала, 8 әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жарық көрді. Бұл оқу құралдары бүгінде мамандық бойынша білім алып жатқан студенттерге өзіндік жұмыстарын орындауда септігін тигізіп отыр. Қазақстан Республикасы мерекелеріне байланысты студенттер арасында спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Студенттер спартакиадасы, Ректор кубогі жарысы және Наурыз мерекесіне ұлттық ойындардан мерекелік жарыстар ұйымдастыруды, дәстүрге айналдырған.

2002-2008 жылдар аралығында 031240 «Бастапқы әскери және дене даярлығы» мамандығы бойынша 22 түлек білім алып шықты.

2006 жылы 050108 «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы ашылды. Бұл мамандық бойынша бүгінде күндізгі және сырттай оқу бөлімінде барлығы 94

студент білімін шыңдауда. Олардың екеуі республика гранты бойынша, ал 27 студент облыс әкімі гранттарының иегерлері.

Бүгінде дене тәрбиесі мамандарын даярлаудағы мәселерге келетін болсақ «Дене тәрбиесі» кафедрасына

- мықты, заман талабына сай материалдық техникалық база қажет. Мысалға мамандықтың оқу жұмыс жоспарында көрсетілген «Массаж», «Спорттық медицина», «Дене жаттығулары биомеханикасы» «Дене тәрбиесі және спорт физиологиясы» т.б. пәндеріне жабдықталған зертханалар және «Күрес», «Бокс», «Гимнастика» сияқты пәндеріне арнайы залдар да қажет-ақ.

- студенттердің көпшілігі қазақ топтары, сол себепті мемлекеттік тілдегі кітаптардың тапшылығы да өз әсерін беруде.

Әрине бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылуда. Университет кітапханасына 2006 жылдан бері 84 мамандыққа байланысты арнайы кітаптар сатып алынды, ағымдағы оқу жылында тағы да ұсыныстар берілді. 24 шағын аудандағы спорт алаңдар, жүгіру жолдары, гимнастикалық қалашық күрделі жөндеуден өтті. Сонымен қатар 2004 жылы Ақтау қаласында алғаш рет үлкен тенниске арналған ашық корты салынып берілді. 4 ш/аудандағы Инженерлік техникалық институты мен 11 ш/аудандағы Экономика және құқық институттары жаңа спорт алаңдармен қамтылды.

Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыру үшін 2006 жылы Алматы қаласының Ғылыми практикалық дене шынықтыру орталығынан маман шықыртылды. Сонымен қатар университет ректоры, профессор

Ә.Ә.Әбжаппаровпен, облыс әкімі Қ.Е.Көшербаевтың ұсыныстары бойынша заман талабына сай жабдықталған университет кампусы салынуда.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті қалашығы 32-32а шағын ауданындағы 40 шақырым жерді алып жатыр. Құрылыс объектісінің жоспарында көрсетілгендей спорттық кешенін салуды қолға алған. Оның ішінде: стадион, жабық спорт кешені, жүзу бассейні, спорттық ойындарға арналған залдар, тренажер және гимнастика залдары, теннис корты орналасады.

Дене тәрбиесі мен спорт жөнінде ауыз толтырып айтатын проблемалар да, атқаратын іс те жеткілікті. Мұның барлығы бір күнде, тіпті бірнеше жылда шешу мүмкін емес. Ең басты мәселе ізденіс пен талпыныс жолында ешқашан кідіруге болмайды.

Қазақстандағы дене тәрбиесі және спорт саласындағы мамандарды даярлау тарихына көз жүгіртсек олар сол уақыттағы экономика мен әлеуметтік инфрақұрылымдармен және мәдениеттің дамуымен байланысып жатыр. 1976-1985 жылдар аралығында мамандардың лектері бұрыннан келе жатқан институттар мен техникумдарда, училищелерде даярланды. 1980 жылдарда кадрларға мұқтаждық асқынуы себепті дене тәрбиесі мен спорт оқу орындары көбейіп шаңырақ көтере бастады. 1990 жылдарда нарық экономикасы түсында мамандардың басқа салаға мойын бұрып, кадрлар тапшылығына қайта әкеп соқты. Бұған дене тәрбиесі мамандарын даярлайтын оқу орындарына кездейсоқ, тамыр таныспен түсіп, жаны қаламайтын кәсіп иесі атанғандар қосылды. Мамандардың материалдық тұрмыс жағдайының төмен деңгейде әсер етті. Жинақтай айтқанда, дене тәрбиесі мен спорт мамандарының кәсіптік селқостығы ең алдымен қоғам негізінде жатқан деформациялардан туындады.

Мәселенің түйіні тарих тағылымын терең түсініп, оны өзгерген ахуалға сай қолдана білуде. Бұл тұрғыдан келгенде «қайта құру» тұсында аз қателіктер кетпеді. Халық шаруашылығындағы берекесіздіктерді айтпағанда, мәдени спорт құрылысындағы ағаттықтардың біразының алдын алуға болар еді. Айталық ерікті спорт қоғамдарын тарқатып жіберу өмірдің талабынан емес, әкімшіл-әміршіл аппараттың өктемдігінен келді. Көптеген білікті мамандар коммерция, бизнес соңына ілесті, республика спортының потенциалын әлсіретті. Теледидардан, кітап сөрелерінен, газет- журналдардан қатыгездікті, басбұзақылықты, имансыздықты дәріптеген арзан бағалы «спортсымақтар» түспейтін болып алды.

Өткен күндердің тәжірибесін ескере отырып және спорт пен дене тәрбиесін тығырықтан алып шығуға септігін тигізу мақсатымен төмендегідей шараларды алға тартқан жөн болар деп ойлаймыз.

1. Жоғары дәрежелі білімді дене тәрбиесі қызметкерлері республика аймақтарында біркелкі орналаспағандықтан, облысымызда мамандарды даярлайтын институт ұйымдастыруды қарастыратын уақыт жетті. Институтқа білікті мамандарды Қазақстанның басқа өңірлерінен шақырту және оларға жағдай жасау қажет.

2. Облысымызда жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың алдын алу мақсатында және жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттайтын теледидар бағдарламалары мен газет журналдарды көбейту керек.

3. Облысымыздағы Білім басқармасының ведомостындағы Ғылыми практикалық дене шынықтыру орталығында дене тәрбиесі және спорт саласындағы мамандардың ғылыми зерттеулері мен оқулықтары, оқу құралдары мен озат тәжірибені насихаттаған мақалалары жарияланса екен.

4. Алдыңғы қатарлы шет елдік дене тәрбиесі және спорт оқу орындарында мамандардың біліктілігін жетілдіру.

5. Дене тәрбиесі мен спорт саласын білікті спорттық медицина қызметкерлерімен, психологтармен, спорттық құрылыс мамандары, спорт менеджерлерімен қамтамасыз ету.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50-елдің қатарына кіру үшін, әрбір азамат тепсе темір үзетін, денсаулығы бар айбынды, айбарлы, білімді күшті болуы қажеттілігін ұмытпауымыз керек.